

**АТЫРАУ ОБЛЫСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ  
БАСҚАРМАСЫ**



**УПРАВЛЕНИЕ  
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ  
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ**

060010, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77  
Тел: 8 (7122) 35-45-71, факс: 32-04-39  
E-mail: infozdrav@atyrau.gov.kz

060010, город Атырау, улица Айтеке би, 77  
Тел: 8 (7122) 35-45-71, факс: 32-04-39  
E-mail: infozdrav@atyrau.gov.kz

№ 06-01-04-04-12/743  
13.02.2023

**Емдеу-профилактикалық  
ұйымдарының  
директорларына**

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы Қазақстан Республикасы Президентінің іс басқармасы медициналық орталығы ауруханасының 2023 жылғы 7 ақпандағы №02-11-263 санды хатын ақпарат үшін жолдайды.

Қосымша: 3 парақ

**Басқарма басшысы**

**А.Байдувалиев**

Орынд: *О.Нсанбаева*  
Телефон: 87122 271123  
*@o.nsanbaeva@atyrau.gov.kz*

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ІС БАСҚАРМАСЫ  
МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ  
АУРУХАНАСЫ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ  
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ  
«БОЛЬНИЦА МЕДИЦИНСКОГО ЦЕНТРА  
УПРАВЛЕНИЯ ДЕЛАМИ ПРЕЗИДЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН» НА ПРАВЕ  
ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ

010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Е-495к-сі, №2  
тел: (7172) 70-80-11, kense@bmc.mcudp.kz  
БСН 990740002243  
Кбе16, «Қазақстан халық банкі» АҚ  
KZ376010111000092983(бюджет)  
KZ446010111000051535 ( бюджеттен тыс)  
БИК HSBKZZKX

010000 город Астана, р-н Есиль, ул Е-495, №2  
тел: (7172) 70-80-11, kense@bmc.mcudp.kz  
БИН 990740002243  
Кбе16, АО «Народный банк Казахстана»  
KZ376010111000092983(бюджет)  
KZ446010111000051535 ( внебюджет)  
БИК HSBKZZKX

№ 02 - 11-263

7.02.2023.

Барлық мүдделі адамдар мен  
ұйымдарға

## АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі бекіткен Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын орындау мақсатында 2023 жылғы 23-24 ақпанда Астана қаласында гибридті форматта халықаралық «Аллергология мен иммунологияның пәнаралық мәселелері» ғылыми-практикалық конференциясын өткізу жоспарланып отыр.

Қазіргі уақытта диагностика мен терапияның заманауи инновациялық әдістерін, соның ішінде аллергиялық патологияның биологиялық терапиясын қолдануда айтарлықтай тәжірибе жинақталды. Диагностика мен емдеуде жаңа молекулалық технологиялардың пайда болуы олардың аллергияны емдеудегі рөлі мен орнына қызығушылық тудырады, олардың ауыр аллергиялық ауруларды емдеудегі сөзсіз артықшылықтары анықталды. Аллерголог-иммунологтар, пульмонологтар, ревматологтар, дерматологтардың және басқа да ішкі аурулар мамандарының пәнаралық тәсілді қолдануы – аллергиялық пацаиенттерді сәтті емдеудің кепілі.

Конференция жұмысы шеңберінде ҚР Денсаулық сақтау саласында аллергиялық ауруларды диагностикалау мен емдеудің заманауи тиімді әдістерін дамытуды ұйымдастырудағы мәселелерді талқылауға арналған дөңгелек үстел өткізу жоспарда бар.

Аллергиялық аурулардың, оның ішінде бронх демікпесінің өзекті мәселелері, сондай-ақ сирек кездесетін аллергиялық ауруларды диагностикалау мен емдеудегі көпсалалы тәсіл бойынша жетекші шетелдік және қазақстандық мамандардың дәрістері мен шеберлік сыныптарын өткізу жоспарланып отыр.

**Өтетін күні:** 2023 жылғы 23-24 ақпан.

**Өтетін уақыты:** 10.00 – 18.00.

7/78

**Өтетін орны:** Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 80 (Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы).

**Конференцияны ұйымдастырушылар:** Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қолдауымен Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасы Медициналық орталығы мен Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы; техникалық ұйымдастырушы – «МедЗнания Қазақстан» ЖШС.

**Конференцияның ғылыми жетекшілері және шақырылған сарапшылар:**  
**Ұйымдастыру комитетінің төрағасы:**

**Алексей Владимирович Цой, MD, PhD, DBA, LLB.** Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасы Медициналық орталығының басшысы.

**Ұйымдастыру комитеті төрағасының орынбасарлары:**

**Рустам Қуанышбекұлы Албаев,** медицина ғылымдарының кандидаты, іскерлік әкімшілендіру магистрі. «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК директоры;

**Насрулла Абдуллаұлы Шаназаров,** директордың стратегиялық даму, ғылым және білім жөніндегі орынбасары, медицина ғылымдарының докторы, профессор;

**Галия Марксызы Түсіпбекова,** бас аллерголог-иммунолог, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығы ауруханасының Аллергология орталығының басшысы, PhD докторы, АМУ ішкі аурулар кафедрасының доценті.

**Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:**

**Р.А. Бәкенова,** ҚР ПБ МОА Бас терапевті, медицина ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор;

**М.А. Есенгелдинова,** ҚР ПБ МОА пульмонолог дәрігері, медицина магистрі, Астана қаласының МДСМ штаттан тыс бас пульмонологы;

**А.А. Сыздықова,** ҚР ПБ МОА Аллергология орталығының аллерголог-иммунолог дәрігері;

**Б.М. Дәулетова,** ҚР ПБ МОА Аллергология орталығының аллерголог-иммунолог дәрігері.

**Халықаралық сарапшылар:**

**Дарья Сергеевна Фомина,** м.ғ.к., Ресей Федерациясы Денсаулық сақтау министрлігі «И.М. Сеченов атындағы Бірінші Мәскеу мемлекеттік медицина университеті» ФМБМ Клиникалық иммунология және аллергология кафедрасының доценті, МБДСМ «№52 Қалалық клиникалық аурухана» жанындағы Мәскеу қалалық Аллергология және иммунология ғылыми-практикалық орталығының басшысы. Мәскеу қаласы Денсаулық сақтау департаментінің бас штаттан тыс аллерголог-иммунолог маманы.

**Инна Владимировна Данилычева,** м.ғ.д., «Ресей ФМБА Иммунология институты МҒО» ФМБМ Иллергология және иммунотерапия бөлімшесінің жетекші ғылыми қызметкері.

Осы іс-шараны Астана қаласында өткізуге және мүдделі адамдарды ақпараттандыруға көмек көрсетуіңізді сұраймыз.

Конференцияға Қазақстанның барлық өңірлерінен аллергология және иммунология, дерматовенерология, жұқпалы аурулар, жалпы дәрігерлік практика (отбасылық медицина), педиатрия, пульмонология, терапия мамандықтары бойынша денсаулық сақтау мамандары, сондай-ақ шетелдік мамандар шақырылып жатыр.

Конференция материалдары [www.medq.kz](http://www.medq.kz) сайтында жарияланатын болады.

Тезистер қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде 2023 жылғы 31 қаңтарға дейін [Galiya.tgm@gmail.com](mailto:Galiya.tgm@gmail.com) поштасына қабылданады.

1. Тезистердің мәтіні: Microsoft Word редакторында, doc, docx кеңейтілімінде; Times New Roman 12 қарпінде, 1 аралықта, тасымалдаусыз және абзацтық шегініссіз терілуі тиіс; таңбалар саны бос орындарды қосқанда 3800-ден аспауы керек; барлық жиектер 2 см болуы тиіс.

2. Тезистің басында атауы (акронимдерде және атаудың бірінші сөзінде бас әріппен жазуға болады); авторлардың тегі мен инициалдары; мекеменің толық атауы (аббревиатура емес), елі, қаласы көрсетілуі тиіс.

3. Тезистердің құрылымы: жұмыстың мақсаты; зерттеу материалдары мен әдістері; зерттеу нәтижелері; қорытынды.

4. Тезистерде СИ бірліктер жүйесін қолдану керек.

5. Тезистердің мәтінінде әдебиет көздеріне сілтемелер; препараттардың сауда атаулары, кестелер мен суреттер болмауы қажет. Тезистердің атауындағы сөздер мен терминдерді қысқартуға болмайды, тезистердің мәтінінде қалың қаріп, курсив және басқа да ресімдеу тәсілдерін қолдануға болмайды.

6. Әр файлда бір тезис болуы керек. Файл атауы бірінші автордың тегі және тезис нөмірі (егер автор бірнеше тезис ұсынса) бойынша беріледі.

#### **Дәрігерлерге қатысу тегін.**

Барлық ұйымдастырушылық және техникалық мәселелерді шешу – конференцияның техникалық ұйымдастырушысы – «МедЗнания Қазақстан» ЖШС жүктелген:

Байланыс деректері:

[info@medq.kz](mailto:info@medq.kz)

+7 717 264 03 51; +7 777 820 05 00.

**Құрметпен,  
ҚР ШБ МОА директоры,  
медицина ғылымдарының кандидаты,  
іскерлік әкімшілендіру магистрі**

**Р. Албаев**

Орынд.: Ф. Түсіпбекова

Тел.: 8 (7172) 707705